

## «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Ақтөбе феррокорытпа зауыты бойынша хабарландыру

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 8-тармағына, 26-бабының 2-тармағының 14) тармақшасына және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 609-тармағына сәйкес «Қазхром» ТҰК» АҚ Ақтөбе қ. тұтынушыларын және барлық мүдделі тұлғаларды ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 22 маусымдағы №53-НҚ, №54-НҚ және №55-НҚ бұйрықтарымен 2026 жылғы 1 шілдеден бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Ақтөбе феррокорытпа зауытының тарату желілері бойынша өрт-ауыз су беру, бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну және электр энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтер төмендегідей мөлшерде (ҚҚС-сыз) бекітілгенін хабарлайды:

№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	2026 жылғы 1 шілдеден бастап
1	Тарату желілері бойынша өрт-ауыз су беру	теңге/м3	167,30
2	Бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну	теңге/вагон.км	83,46
3	Электр энергиясын беру және тарату	теңге/кВтс	1,60

Уәкілетті орган аталған реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер мен тарифтік сметаларды Заңның 22-бабының 1-тармағының 1), 9-2) тармақшалары және Қағидалардың 601-тармағының 1), 11) тармақшалары негізінде өзгертті (стратегиялық тауардың түрі мен құнының және (немесе) стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған, мемлекеттік реттелуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруі, статистика деректері бойынша бір жылда өңірде (қалада) қалыптасқан экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі)

Сұрақтар туындаған жағдайда 8 (7132) 973 314 телефоны бойынша хабарласуға болады.